

ӘОЖ 81'373.2

МИФОНИМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЙЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байысхан Арай
ai.kz.best@mail.ru

Біздің айналамызды қоршаған жеке заттар мен нысандардың жалқы атауын зерттейтін ономастика саласы жалқы есімдерді «реалионим» (бұрын болған, қазір де бар нысандар) және «мифоним» (ойдан шығарылған объектілер) деп екіге бөліп қарастырады [1.158]. Мифонимдерді дұрыс түсіну үшін біз әрине миф ұғымына жүгінеміз. С.Қасқабасов миф туралы: «егер барлық анықтаманы жиынтықтап айтсақ, үлкен екі топқа бөлінеді: біріншісі – миф дегеніміз дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып оброздарының жүйесі (системасы), екіншісі – миф дегеніміз құдайлар мен алыптар жайындағы ауызекі әңгіме» – деп анықтама берген болатын [2. 71]. Бұл анықтамадан біз мифонимдер деп тек қиял-ғажайып оброздарды танимыз деген ой тұмауы керек. Себебі кез-келген мәселеге байланысты түрлі көзқарастар кездесіп отыратыны сөзсіз. Мысалға, Әбдуәли Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздігінің» «Қоғам» бөлімінде мифке «көне дәуірдегі адамдардың дүниенің пайда болуы, табиғат құбылыстары, құдайлар мен ғажайып батырлар туралы шығарған аңыздары» – деп анықтама бергенімен, оны діни мифтер, қиял-ғажайып мифтер, космогониялық мифтер сынды топтарға жіктейді. Бұлайша жіктеудің ерекшелігі космогониялық мифонимдермен байланысты болып тұр. Себебі халықтың сонау ерте кезеңдердегі дүние құбылыстарына, жаратылыстарына деген қызығушылық нәтижесінде түрлі мифтік әңгімеге арқау болып туындаған космологиялық атаулар әрине мифонимдер құрамына кіреді. Ғалым өз еңбегінде бірнеше мифонимдерге талдау жасап, оларға анықтама береді. Мысалға, қазақ халқының түрлі мифтерінде жиі кездесетіні «мыстан кемпір» атауын алып, оның сыртқы бейнесін сипаттап береді. Ол көп жағдайда шашы жалбыраған, тістері ақсиган, тырнақтары өскен, түр-сипаты жаман, кескінсіз, іс-әрекеті қорқынышты қарт кемпір түрінде сипатталады. Мұндай образды нақтылау мақсатында ғалым «Мұңлық-Зарлық» қисасында «Шаншар ханның жеті там толған ділдасына толмай қойған қалтасын мен толтырамын» – деп хабарлаған мыстан кемпір образын мысал етеді. Яғни, «үш жүзге келген, қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, өзін туғаннан-ақ Құдай атқан, бір жақсылық көрмеген, тілеуін бермеген» – деген үзіндіні беру арқылы ғалым ойын тұжырымдайды [3.711]. Яғни, жоғарыда мифонимдер ұғымына берілген анықтамадағы ойдан шығарылған объект атауы деген анықтаманың аясына қиял-ғажайып образдар, космологиялық атаулар, аңызға құрылған мифотопонимдер, мифоантропонимдер, мифофитонимдер кіреді.

Ендігі кезекте мифонимдерді жүйелеу мәселесіне келсек, алғаш болып мифоним ұғымына теориялық анықтама берген А.В.Суперанскаяның пікірі бойынша, оған шын мәнінде ешқашан болмаған адам, жануар, өсімдік, халық, географиялық және космографиялық нысандардың атаулары кіреді. Оның ішінде саяси діндер мен демонимияда (жоғары және төмен, мейірімді және қараниет сынды түрлі рухтардың атаулары) жарқын көрініс беретін теонимияның (құдай атауларының) орны ерекше. Дей тұрғанмен ғалым мифонимдерді антропонимдік атауларға ұқсас кейіпкерлер мен титандар атауы, антропонимия мен теонимияның арасында аралық жағдайда тұрады деп көрсетеді [4.185]. Бұндай классификация жасау Н.В.Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» деген еңбегінде де кездеседі. Ғалым мифонимдерді мифоантропоним (нақты өмірде кездесуі мүмкін адам бейнесіндегі кейіпкерлер аты), мифоперсоним (тек мифтерде кездесетін қиялдан туған кейіпкерлер аты), мифотопоним (адам болуы мүмкін деп елестеткен құбылыстар нәтижесінде туындаған географиялық нысандардың атаулары), мифозооним (негізгі өмірде кездеспейтін, адам танымында болуы мүмкін тіршілік иелерінің атауы) мифофитоним (факт жүзінде жоқ, тек адам қиялында туындаған өсімдіктер атауы) сынды топтарға жіктейді [5.84]. Біз осы

жіктеулерге, басқа да ғалымдардың анықтамасына сүйене отырып мифонимдердің мағыналық топтарына байланысты мысалдар келтіретін боламыз.

Сонымен, мифоантропонимдер дегеніміздің өзі жоғарыдағы ғалымдар көрсеткендей таза құдай атаулары не таза өмірде кездесетін тұлғалар атаулары емес, аралық атау. Ә.Қайдар көрсеткендей, мұндай атауларды діни мифоантропонимдер және қиял-ғажайып мифоантропонимдер деп бөлуге болады. Алғашқы діни мифоантропонимдер тобына ғалым **Диқан баба, Зеңгі баба, Әлі Шынар (Шығыр) және Әулие Қыдыр** атауларын жатқызады. Мұндағы Әулие Қыдыр – қазақ егіншілерінің Диқан бабамен қатар сиынушы рухы. Қыдыр да – Диқан баба сияқты молшылықтың, тоқшылықтың, жақсылықтың пірі. Кейбір аңыздарда бұл екі кейіпкер бірін-бірі алмастырып келеді. Мысалы, кейбір қазақтар қырман көтерген уақытта түнге қарай бір төбешік дән тастап кетіп отырған. Олардың ойынша түнде Қыдыр дарып, астық көбею керек. Қызылорда облысында бір төбешік астықтың қасына Меккеге қаратып бір кесек топырақ қойылады. Бұл Қыдырға арналған. Аңыз бойынша Қыдыр түнде келіп, астықты айналып жүреді. Сол уақытта дән көбейе түседі. Селт еткен дыбыс әулиені үркітіп жібермес үшін екі күзетші қойылады. Күн көзі шықпай қырман иесі келіп, дыбыс шығармай астықты жинап алуы керек. Егер дыбыс шығып кетсе, Қыдыр қырманды тастап кетеді; ол жағдайда, астықтың көлемі азаяды. Астықтың маңына кесек топырақты қоюдың да өзіндік сыры Қыдырды шақырумен байланысты [3.707]. Осы топқа қосуға болатын мифоантропонимнің бірі **Ұмай** – түркі мифологиясында жердің пайда болуы мен құнарлылығына себепкер әйел бейнесіндегі жаратушы (құдай). Жауынгерлерге басшылық жасайтын Ұмай бейнесі – Тәңірдің (Тенгри – аспан) жары іспеттес. 7-8 ғасырлардағы руна жазбаларында бұл кейіпкер ұшырасып жатады. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, Ұмай бейнесі Иран мифтерінде кездесетін, адам баласына өз көлеңкесін түсіру арқылы бақытты ететін Хумай құсымен генетикалық тұрғыда байланысты деп есептейді. Ұмайға деген сенім қалдықтары түркі тілдес халықтардың мифологиясында сақталып қалған. Мысалға, оғыздарда Ұмай – ананың құрсағындағы сәбиді жебеуші саналып, мынадай мақал тараған: «Ұмайға кім қызмет жасаса, сол ұлды болады». Шор халқында Ұмай (Май) – сәбидің сақтаушысы, кейде қайтыс болғандардың рухын қабылдаушы періште саналған. Төлеуіттерде Ұмай (Май-энэ, Май-энэзи) және қазақтарда (Ұмай ана) – балалардың жебеушісі. Қырғыздардың түсінігінше Ұмай мол өнім беріп, мал басын көбейтетін отбасының ошағының ұйтқысы және балалардың қорғаушысы саналған. Оған әйел адамдар босанған кезде және балалар емделген кезде емшілер сыйынатын болған. Астық мол болған жылдары: «Ұмай ананың кеудесінен сүт ағып тұр» деп айтатын болған. Кейінірек, ислам дінінің енуіне байланысты, Ұмай ана бейнесі Фатимамен (Батма Зуура) ауысты. Түрік мифологиясында Ұмай анаға байланысты түсініктер балаларды қорқытатын Омай рухына айналып кетті [5.547]. Бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – жер – ана болып қабылданады. Осыған орай Е.М.Мелетинский: «қазақта да аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар болып саналған» – деген тұжырым қалдырған [2.96]. Рух-иелер бейнесі, олар туралы түсінік қазақ мифологиясында да сақталған. Мәселен, «Көл иесі –**Қамбар-ау**, Шөл иесі – Қамбар ау!» немесе «Су иесі – **Сүлеймен**, Алладан тілек тілеймін» деген эпоста жиі кездесетін поэзиялық тіркестер-қазақ елінің ежелден сақтап келе жатқан мифтік ұғымдары.

Екінші топқа жататын қиял-ғажайып мифоантропонимдерге **Жезтырнақ, Жалмауыз, Албасты, Желаяқ, Лұқпан, Қарынбай, Мыстан кемпір** атаулары жатады. **Мыстан кемпір** – қазақ мифологиясындағы сұрықсыз жалмауыз. Мыстан кемпір барлық батыр қаһармандардың жамандыққа ұшырауының себепкері ретінде, балаларды ауыстырып жіберу, сайыс кезінде Желаяқты алдау арқылы озып кетпек болу, жер асты патшалығындағы тұтқындарды жалмап жіберу сынды оқиғалармен көрінеді. Мыстан кемпір (жалмауыз кемпір де солай) туралы танымның соңғы кезеңі қамқор ана бейнесіне келіп саяды. Мыстан кемпір бейнесі негізінен қиял-ғажайып ертегілерде сақталған. Қырғыздарда мыстан кемпір – бес адамның қанын сорған, кәрі кемпір, жын-перілердің

қатарынан шыққан кейіпкер. Мыстан бейнесі бұдан өзге Шығыс Сібір татарларының (мус-кортка) және Қалмақ АССР-нда тұратын татарларының (мустан-башлык), сондай-ақ өзбектердің (мастон-кампир) қиял-ғажайып ертегілерінде кездеседі [6.189]. Осы тектес әр алуан рух-иелерді атауларын (мифоантропонимдерді) ертегілерден де, хикаялардан да кездестіреміз. Мысалы «Ер Төстік» ертегісіндегі **Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар** сияқты мифоантропонимдер – сол баяғы дәуірдегі рух-иелер. Олардың әрқайсысы – әр нәрсенің иесі: Желаяқ –желдің иесі, Таусоғар –тауға қожа, Көлтаусар –көлдің иесі. Әрқайсысы тек өз құбылысының қожайыны, басқа әлемге билік жүргізе алмайды, бөтен қожаның жеріне бармайды. Мұны ертегінің өзі де баян етеді. Жер астына түскен Төстікке жәрдем етіп болғаннан кейінгі олардың жағдайы мынандай: «Сөйтіп, Ер Төстік жылап Бапы ханға қайтады. Қайтып келе жатқанда, жолдан ерген алты жолдастарының бәрі де өздерінің жерлерінен әрі жүрмейді. Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ!» – деп, олар Ер Төстікпен қоштасып, қала береді» [2.304]. Осы үзіндіден ақ бұл мифоантропонимдердің қалыптасуындағы өзіндік уәждік сипаты да көрініп қалады. Келесі кезекте мифотопонимдерге назар аударсақ, көптеген аспани (космогониялық) және тотемдік мифтерде тірінің өліге айналуының басты себебі қатты шаршағандық болып келеді. Мұндай құбылуды алғашқы жағдайға қайта оралу деп айтуға болмайды. Қатты шаршаған мифологиялық кейіпкер қозғалуға шамасы келмегендіктен тасқа айналып, тыныштық табады. Осындай аңыздар нәтижесінде қазақ жерінде пайда болған мифотопонимдер өте көп. Мысалы, шаршап жатып, ұйықтап кеткен батыр жайындағы қазақ мифін алайық... Атақты ақын С.Сейфуллин бұл мифті былай баяндайды:

Болыпты баяғыда **Жеке батыр...**

Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.

Бір күні қарауылда қалғып кетіп,

Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.

Сол батыр осы күні бір үлкен тау,

Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау,

«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,

Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау [2. 77]

Жалпы алғанда мифтердегі құбылушылық үш түрлі себепке байланысты туындап, соған орай мифотопонимдік атау қалыптасады. Бірі – адам өте шаршағандықтан ұйықтап кетіп, сол бойда тасқа, я болмаса аңға, құсқа айналып кетеді. Мысалы, жоғарыда баяндалған «Ұйықтаған батыр» деп аталатын тауға байланысты миф. Екінші себеп – адамның кінәлі болуы. Мұндағы құбылушылық жаза ретінде қабылданады. Мәселен, «**Сынтас**», «**Келіншектау**» мифонимдерінің шығу тарихына байланысты мифтерде әкесінің алдында кінәлі болғандықтан қыздар тасқа айналып кетеді. Құбылушылықтың үшінші себебі – зор қауіптен құтылу жолы. Адамға ғаламат қатер төнеді. Содан құтылу үшін ол не тасқа, не жұлдызға т.б нәрсеге айналып кетеді. Қазақта сондай мифотопонимнің қатарын **Қазығұрт** тауы, «**Қырық қыз**» деп аталатын тастар атаулары толықтырады [2. 80].

Мифтер тобына аспан денелері туралы (космогониялық) мифтер кіретіні туралы жоғарыда аталып өтті. Ал осы мифтер негізінде пайда болған онимдер мифокосмонимдер деп аталады. Космологиялық мифтер туралы халық астрономиясын зерттеген оқымысты Х.Әбішев былай деп жазады: «Сыртқы форма жағынан алғанда фольклор түрінде тараған қазақтың астрономиялық ұғымдарында әсемдік, поэзиялық сарын күшті». Осындай ерекше туындыларға негіз болған мифокосмологиялық атаулардың бірі – **Жетіқарақшы**. «Жетіқарақшы бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған бау кеспе ұры болыпты. Халық болып соңына түскен соң қылмысы басынан асқан жеті ұры жеткізбей аспанға қашып шыққан. Бастаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана екі бүйірдегі екі жұлдыз **Ақбозат** пен **Көкбозат** – батырлардың аттары. Ол **Темірқазыққа** арқандаулы. Шұбатылған арқаны да әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды. Оларды аңдыған жеті ұры да түнімен

төңіректен, айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ күзетші алдындағысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады» [2. 86]. Міне, бұл мифтің өзінде 4 мифокосмонимнің кездесетінін көруімізге болады. Үркер жұлдызының атауы да осы Жетіқарақшымен байланыстырылып мифтерде кеңінен қолданылады.

Қорыта келгенде, ғылым әрқашан адамзатпен бірге дамып өркендеп отырады. Сол сияқты адамның алғашқы қоғамды, дүниені тануға, оның сырын түсінуге тырысқан кезінде қалыптасқан миф те кейінгі ғылымның алғашқы формасы. Ал сол мифтің негізінде пайда болған атаулар, яғни мифонимдер қазіргі таңда тереңірек зерттеуді қажет ететін жеке сала. Адам мен жануарды бөлмеу, адамды екі кейіпті болады деп түсіну ол замандағы миф кейіпкерін жартылай адам, жартылай жануар түрінде бейнелейді яғни зооантропоморфтық образ жасайды. Ал мифонимдер тек мұндай қиял-ғажайып образ атауларын емес, кейінгі дәуірлерде пайда болған мифтің басқа да түрлерінде орын тепкен космологиялық атауларды, мифтік аңыздарға арқау болған мифотопонимдерді, бұл дүниеде кездеспейтін алып Бәйтерек, немесе Бақыт ағашы сынды ерекше қасиетті өсімдік атауларын (мифотопонимдер) т.б қамтиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Салқынбай А.,Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: -Алматы: Сөздік-Словарь,1998. – 304 б.
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Нұр-Сұлтан: Аударма, 2002. – 584 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 728 бет.
4. Суперанская, А.В. Общая теория именисобственногоответственный редактор А.А. Реформатский.- Москва: Просвещение, 1973. – 363 с.
5. Подольская Н.В. «Словарь русской ономастической терминологии». Москва: «Наука», 1988. – 191 с
6. Мифы народов мира.Энциклопедия: В 2т./ Под ред. С.А.Токарева. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2003.– 719 с.